

**Хабарландыру**  
**ақылы негізде "СТОМАТОЛОГИЯ" білім беру бағдарламасы**  
**бойынша оқуға түсушілер үшін**

1. «СТОМАТОЛОГИЯ» білім беру бағдарламасы бойынша ақылы оқуға тұлғаларды қабылдау конкурстық негізде ҰБТ нәтижесімен жүзеге асырылады.

**2023-2024 оқу жылына 250 орын берілді.**

2. Конкурсқа ҰБТ (химия и биология бейімді пәндер) қорытындысы бойынша **70-тен кем емес**, әрбір пән бойынша кемінде **5** балл жинаған және психометриялық тестілеуге «Өтті» алған талапкерлер жіберіледі.

3. Конкурсқа қатысу үшін, үміткер **26 шілдеден 20 тамызға** дейін қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) Өтініш;
- 2) Қосымшасы бар білім туралы аттестат / диплом (түпнұсқасы);
- 3) ҰБТ сертификаты;
- 4) Психометриялық тестілеу ведомосынан үзінді;
- 5) Жеке куәлік + көшірмелері (4 дана);
- 6) 075/у медициналық анықтамасы, флюорография суреті;
- 7) 3 x 4 см 6 фотосурет;
- 8) Басымдылық құқығын растайтын құжаттар.
- 9) Барлық құжаттардың электронды нұсқасын PDF форматта өзіңізде сақтау керек.

4. Конкурс қабылдау комиссиясы жүргізеді. Конкурс өткізу үшін ҰБТ нәтижелері санаттарға, таңдалған білім беру бағдарламасына және оқыту тіліне қарамастан, кему нәтижесі бойынша алынады.

5. Конкурс кезінде балдар тең болған жағдайда келесі тәртіпте басым құқық беріледі:

- «Алтын белгі» белгісімен марапатталған тұлғалар;
- патриоттық танытқаны және белсенді азаматтық ұстанымы үшін ерекшелік белгісімен наградталған тұлғалар;
- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар тұлғалар;
- соңғы үш жылдағы химия немесе биология бойынша халықаралық олимпиадалардың және ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми конкурстардың) жеңімпаздары (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған), олардың тізбесін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды, сондай-ақ ағымдағы оқу жылының химия немесе биология бойынша президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар

конкурстарының жеңімпаздары (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған);

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған немесе қалған Қазақстан Республикасының жас азаматтары, бірінші және екінші топтағы мүгедектер, қатысушыларға және мүгедектерге жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғалар. Ұлы Отан соғысының мүгедектері, бала кезінен мүгедектер, медициналық қорытынды бойынша тиісті білім беру ұйымдарында оқуға қарсы көрсетілімі жоқ мүгедек балалар және үздік білімі туралы құжаттары (аттестат, аттестат, диплом) бар тұлғалар.

Бұл ретте балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда білім беру гранттары аттестатының, куәлігінің немесе дипломының орташа балдары жоғары тұлғалар өттеді.

Балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, сондай-ақ аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа балдары бірдей болғанда бейіндік пән бойынша алған балдары ескеріледі.

6. Бірдей балл жинаған жағдайда артықшылық құқығы болмаған жағдайда, білім туралы құжат бойынша орташа балдары жоғары тұлғалар конкурсқа жіберіледі.

Балдар бірдей болған жағдайда және артықшылық құқығы болмаған жағдайда, сондай-ақ білімі туралы құжаттардың бірдей орташа балдары бейіндік пән бойынша жинаған балдары есепке алынады.

7. Конкурс қорытындысы **2023 жылдың 21 тамызында** <https://kaznmu.edu.kz/talapkerge/o-u-a-t-sushiler-shin-a-parat/abyldau-komissiyasy/> университет сайтында жарияланады.

8. Ақылы бөлімге түскен тұлғалар **2023 жылдың 25 тамызына** дейін қабылдау комиссиясына келіп, келісім - шарт жасап, оқу ақысын төлеуі қажет.

9. Жасалған келісім-шарт және төлем ақысы негізінде «**СТОМАТОЛОГИЯ**» білім беру бағдарламасына ақылы негізде қабылдау туралы бұйрық шығарылады.

**Көрсетілген құжат көшірмесімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары (Жеке куәлік) көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.**

**Егер талапкер 18 жасқа толмаған болса, құжаттарды тапсыру кезінде ата-анасының біреуі немесе талапкердің ата-анасынан нотариалдық сенімхаты бар заңды өкілі қатысуы тиіс.**

**Біздің сайттан өзекті ақпаратты қадағалаңыз!**